



ӘОЖ 82-1(574)

ҒТАХР 17.01.91

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.95(3).69

**Мутиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Галимова Қ.А.**

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан**

E-mail: zinulla\_mutiev@mail.ru, janim.03.95@mail.ru, kaniyag@mail.ru

### **ТЕМІР МЫҢЖАС – КӨП ҚЫРЛЫ ҚАЛАМҒЕР: АҚЫН, ЖАЗУШЫ, ЖУРНАЛШЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада Жайық-Каспий өңірі әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, жазушы, журналист Темір Мыңжастың шығармашылық әлеміне шолу жүргізілген. Бірнеше прозалық кітаптар мен поэзиялық жыр жинақтарының авторы Темір Мыңжастың қазақ әдебиетінің дамуына қаншалықты үлес қосқанын зерттеу авторлары әр қырынан алып, жан-жақты қарастырады. Жазушы шығармаларының кейіпкерлері негізінен оның өзі өмір сүріп отырған дәуірдің адамдары, нақты айтқанда күндіз-түні дамылсыз еңбек етіп, тәуелсіз еліміздің гүлденіп, көркеюіне, қоғамның дамуына өз үлестерін қосып жүрген еңбекші тап өкілдері. Сонымен бірге қилы тіршіліктің, қарбалас өмірдің өтінде жүрген қарапайым ауыл адамдарының аңғал мінездері сол қалпында алынып, суреттеледі. Еңбек авторлары Темір Мыңжастың журналистік қабілетіне, публицистикалық шеберлігіне назар аударып, қыр-сырына үңіледі. Сондай-ақ оның өлең-жырларының көркемдік, тақырыптық-идеялық ерекшеліктеріне талдаулар жүргізеді. Ақынның ұлттық құндылықтар мен қазақтың басынан кешкен ақтаңдақтар тарихын жырлаудағы ізденістерін атап көрсетеді.

**Кілт сөздер:** ақын; жазушы; журналист; өңір әдебиеті; кейіпкерлер әлемі; новелла, әңгімелер мен мақалалар; туған жер; дархан дала.

#### *Kipicne*

Аймақ әдебиетінің дамуына бір кісідей үлес қосып, шығармашылық еңбектің шырқау биігінен көрінген қаламгердің бірі – Темір Мыңжас. Ол – ақын, жазушы, журналист.

Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі Темір Мыңжастың шығармалары «Қарылғаш», «Қос ішек – Струны души», «Бекет ата», «Дала данасы», «Жыр моншақ», «Кәусар бұлақ» сынды оннан астам ұжымдық жинақтарға енді. Ақынның «Бойтұмар», «Атамекен», «Жүрек сөзі», «Сені іздедім», «Ақ қайың жылап тұр» атты кітаптары әр жылдарда баспа бетін көрсе, 2012 жылы поэзиялық және прозалық туындыларынан тұратын қос томдық жинағы жарыққа шықты.

Темір Мыңжасұлы сондай-ақ 30-ға жуық ән мәтінінің авторы. Ол 2005 жылы республикалық патриоттық әндер байқауының (ән мәтіні үшін) дипломанты, 2009 жылы Халықаралық «Дарабоз» әдеби бәйгесінің жүлдегері, 2011 жылы ҚР



Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған этножурналистика саласындағы «Шаңырақ» республикалық шығармашылық конкурсының жеңімпазы атанды [1].

*Зерттеу материалдары мен әдістері*

Жаз кезінен жазуға, журналистік мамандыққа бет бұрған Темір Мыңжас қысқа әңгімелер, шағын новеллалардан бастап көлемді мақалалары мен өлеңдерін де газет беттеріне, кейін жинақтарға жариялай бастады. Алғашқы қадамын ауыл газетінен бастаған Темір Мыңжас уақыт өте келе кәсіби тұрғыда өскен, өмірлік тәжірибесі мол майталман журналшыға, дарынды ақынға, салиқалы жазушыға айналды. Әрине бұл жолда ол талай іздену мен өсу сатысынан өтті, түрлі адамдармен істес те болды, өзі де таланты мен дарынын шыңдай түсті. «Журналист талантты болса, науқасы да қатты болады. Ауруынан жартылай айыққан журналист – сыншы. Ал егер журналист осы сырқаттың созылмалы түріне шалдықса, жазушы болғаны» -дейді орыс жазушысы В. Лебедев [2].

Ал журналист Темір Мыңжастың «созылмалы сырқаты» - қазақ қоғамындағы маңызды мәселелерге үн қосу, оң шешімін табуға баспасөз арқылы ықпал ету болды. Осылайша кәсіби іздену мен еңбек майданында шынығудың арқасында Маңғыстау өңірінің атақты журналисі және талантты ақыны дәрежесіне дейін көтерілген Темір Мыңжастың шығармашылық шеберханасына тереңірек талдау жасайтын болсақ, шағын әңгімелері мен мақалаларында, өлеңдері мен балладаларында әрқашан өзі өмір сүріп отырған қоғамды, ондағы өмір сүретін қарпайым жандар туралы, сол адамдардың өмірі мен олардың түрлі тағдырлары туралы сыр шертеді.

Журналист Темір Мыңжас өз туындысының кейіпкерін алыстан іздемей, сол өзі жүрген ортадан алады және солар туралы оқырманға нанымды, шынайы тілмен баяндап жеткізеді. Осындай қасиетінің, өз кәсібіне деген адалдығының арқасында Темір Мыңжас шығармалары оқырман жүрегінен берік орын алса керек.

Журналшы, ақын, жазушы Темір Мыңжастың шығармалары көпшіліктің ыстық ықыласына, жоғары бағасына ие болды. Мәселен, «Ақ қайың жылап тұр» прозалық жинағының «Өмірдің өзі новелла» бөліміне өмірдегі өзі көрген, ой елегінен өткізген оқиғаларды топтастырса, осы жинақтың «Тіршілік деген бір тылсым» бөліміне газет беттерінде жарық көрген мақалаларын жинақтап шығарған. Бұл жинақтың алғашқы бөлімінде журналист, ақын Темір Мыңжас өмірінде өзі куә болған түрлі оқиғалар мен шынайы кейіпкерлердің өмірінен сыр шертеді. Бала кезден адалдық пен әділдікті ту еткен ол өзгелерден де соны талап етеді, жақсылыққа жаны жақын адам ретінде оқырманға танылады. «Нашар журналист жасынан-ақ жақсы адамдар туралы, жақсы журналист әлсіз адамдар туралы жазуға бейім» [3] деген танымал журналшы Әбділда Мұқашевтің қанатты сөзі Темір Мыңжасқа қарата айтылғандай әсер етеді. Өйткені түрлі адамдардың тағдырын ойша сараптай отырып, қажеттісін оқырманға газет арқылы жеткізу нағыз шынайы жазушының немесе журналистің басты артықшылығы екені сөзсіз. Журналист кейіпкерлердің басынан кешкен оқиғаларын жып-жинақы формада жазу арқылы терең мазмұндайды, жеткізеді.

Темір Мыңжастың 2008 жылы жарық көрген «Аққайың жылап тұр» жинағында журналистің өзі білетін немесе таныс жандардың өмірінен алынған



оқиғаларды жаза отырып, оқырманға танымдық, тәрбиелік ой салады. Темір Мыңжас оқырманға ой саларлық, үлгі боларлық тұлғалардың оқиғасын жаза отырып, еңбекқор, адал, жасампаздық бейнесін сомдайды. Мәселен, осы жинаққа енген алқашқы «Жезде» деп аталатын әңгімесінде туған жездесі, жаңаөзендік мұнайшы Ерболат Өтегенұлы Амантұрлиевтің адамгершілік бейнесі мен болмыс-бітімін ризашылық көңілмен сипаттайды. Қатардағы жүрген ақкөңіл, мейірімді жанның өзіне жасаған жақсылықтарын еске ала отырып, құрмет сезімін былайша жеткізген. «Сонымен, біздің жездеміз туралы оны білетіндерден сұрай қалсаңыз, аңқылдаған ақ көңіл, үленмен де, кішімен де жадырай жөн сұраса кететін кішіпейіл азамат болғандығын айтады. Арамдығы, қулық-сұмдығы жоқтықтан болар, дос-жаранмен арқа-жарқа көңіл көтергенді жақсы көретін» [4, 4 б.]- деп, сол адамның өмірдегі бейнесін көз алдымызға келтіргендей болады

Өзінің туған жерін шексіз сүйген Темір Мыңжас марғасқа Маңғыстауын да, оның еңбекқор адамдарын да ерекше құрметтейді. «...Мұнайлы Маңғыстауымыз бүгінде танымастай өзгеріп, атағы төрткүл дүниеге таралды. Бір кездері құйын кезген, сағымды боз даланы осындай ғажайып күйге жеткізген, шын мәніндегі ата-бабамыздан қалған жер асты байлығымыз бен оны игеруші еңбек адамдарының қажырлы ісі ғой. Бүгінде арамызда болмаса да мұнайшылардың адамгершіл жарқын бейнесін, есімін білетіндер, артында қалған ұрпақтары ұмытпайды» [4, 8 б.] - деп тебірене жазады.

Темір Мыңжас кейде жеңіл юморды да қолдана отырып, адам психологиясының нәзік қылын, адам жаратылысының ерекшелігін де бейнелі жеткізеді. Мәселен, «Әулие», «Тізім», «Базардың «әдісі», «Бердібайдың алғысы» әңгімелерінде өлген көк есегін түркімендер әулиеше көмгеніне мез болған Ырысқали қарттың күлкілі оқиғасын, аудандық газеттің тілшісі Шынбергеннің өзін-өзі жұмыстан қысқарту тізіміне білмей жазып қоюын, аудандық атқару комитетіндегі Базар Үкиевтің машина алуға арыз жазғандардың тізіміне бос орын қалдырғандағы ақылды әрекеті туралы мақтана жеткізуі сияқты оқиғаларды жеңіл тілмен, ойнақы әзілмен жеткізеді.

Темір Мыңжас әңгімелерінде замандастың қарапайым өмірі, күйініші мен сүйініші, қайғысы мен қуанышы шынайы, еш боямсыз жазылғандықтан, әрқашан оқырманның жүрегінен орын алады. Оқырман әңгіме оқиғасымен таныса отырып, жақсы адамдардың жақсылығына сүйсініп, жағымсыз әрекеттеріне күйінеді. Шебер прозашы Темір Мыңжас осылайша әдебиеттің шағын жанры арқылы қоғамды, адамдарды тәрбиелеуге өз үлесін қосуды әрқашан мақсат етеді. Өйткені адам тәрбиесі, ұлт болмысы қоғамнан тысқары болмауы тиіс. Бұл да Темір Мыңжастың өмірлік қағидасына айналған шындық екені даусыз.

#### *Зерттеу нәтижелері*

Темір Мыңжастың «Сені іздедім» жинағына «Өмірдің өзі мектеп» деген айдармен бірнеше қысқа әңгімесі жинақталған. Аталған жинаққа енген шығармаларында да өзінің өмірінде болған, өзіне үлкен өмірлік сабақ болған оқиғалары туралы естеліктерімен де бөліседі. «Әке», «Әпке» деп аталатын қысқа әңгімелерінде адалдық пен тазалықты ту еткен әкесінің жарқын бейнесі мен өзінен бір жас қана үлендігі бар әпкесін үлгі тұтса, «Сый» әңгімесінде сәбиін жамандықтан қорғаушы абзал анасының өмірінің соңғы сәттеріндегі махаббатын,



сәбиін мәпелеген сол ананың аялы алақанының жылуын үлкен сезіммен жеткізеді. Анасының перзентіне деген өмірінің соңғы күндеріндегі қамқорлығын былайша еске алады: «- Құлыным, бері келші,- деп анам орнынан тұрда да, бас жағындағы ілулі кермеден ала баулы бойтұмарды шығарды, - кел, мынаны мойныңа тақшы. - Ой, ол неге керек, мойнымды қышытады, - дедім анама еркелегім әрі сөйлеткім келіп, - қажеті жоқ нәрсе ғой. ... - Бәле-жаладан қорғайды, тастамай тағып жүр құлыным! Бар-жоғы екі-ақ күннен кейін анаммен мәңгіге қоштастым. ...Шақырып тұмар таққаның дәмінің таусылайын дегенін сезгенің ғой. Сыйлығың бар да, өзің жоқсың... Маған бойтұмардан гөрі, өзің қымбат едің, әлі де жүре тұрғаның жақсы еді-ау...анашым!..» [5, 108 б.].

«Әпке» әңгімесінде өзінен бірер жас үлкендігі бар әпкесі туралы, оның бауырлық қамқорлығы туралы ыстық құрметпен былайша еске алады: «Әпкем қазір Қызылтөбе тұрады. Ұлын ұяға, қызын қияға қондыра бастаған көп балалы ана. Әліге дейін тай-құлындай тебісіп өскен мен дегенде ілтипаты ерекше. Бірдеңе болса, қанатымен су сепкен қарлығаштай болып, алдымен жететінде сол Әпкем менің...» [5, 111 б.].

Осылайша бүгінгі күнде өзі ата болса да, өзіне жақын жандардың жақсылығы мен мейірімін әлі де сағынады, бүгінгі жеткен жетістігінің төлеуіндей болған адамдарға өлеңмен жыр арнайды, қара сөзбен естелік жазады. Темір Мыңжас адам табиғатының жаратылысын зерттей отырып, өзінше ой толғайды. Жақсылық пен жамандықтың, адамгершілік пен аярлықтың, әділдік пен сатқындықтың көрінісін алма-кезек баяндау арқылы да адамдарды тәрбиелейді. Қысқа жанрдың көмегімен салмақты пікір, салиқалы ой тастайды. «Қайран, Аяз би» деген әңгімесінде мектепке жамау шалбар, әкесі тігіп берген шоқаймен баратын Бектұрдың қызметі өсіп, қос-қостан машина алғаны, тіпті айтатыны байлық пен билік болғанын былайша сипаттайды: «...Енді бұрынғы иманжүзді, сызылған жігіт, ауыздыға дес бермей бөсетін болды, айтатыны байлық пен билік, мансап пен тамыр-таныстық. Сөздері кесек-кесек, басқаны тыңдамайды. Кездесе қалып, әңгімелесіп едім, танымай кетті. Адамның өзгеруі оңай екен ғой. Осындайда маңдайшаға жаман тымағы мен жыртық шапанын іліп қойып, «Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» деп, өткенін есіне алып, асып-тасудан қашатын Аяз би ойға оралады»[5, 114 б.].

«Алғыс» деп аталатын әңгімесінде өзі куә болған бір оқиғаны баяндай келе билеті бола тұра ұшақтан қалып қоя жаздаған қарт әжені әділетсізден арашалап, ұшаққа кіргізіп алу арқылы алғыс алғаны туралы баяндалады. Темір Мыңжас әңгіменің соңында: «Иә, «үндемеген үйдей пәледен құтыладыға» салғанымызда, жазықсыз жапа шектіретін тағы бір әділетсіздік болар ма еді, кім білсін. Әйтуір мен әлсізге сәл де болса жәрдемім тигеніне қуандым» - деп, әділеттің жаршысы екенін тағы да өмір тәжірибесінен көрсетеді.

Жазушы «Әллеке», «Ақ әже» әңгімелерінде жекелеген адамдар тағдырын тілге тиек етеді, қарапайым жандардың жоғын жоқтайды, мұңын мұңдайды, оқырманға ой салады. «Әллеке» әңгімесінде түркіменнің атақты Мәмметберді атты палуанымен қаймықпай күрескен қазақ жігіті Әллекенің ерлігі туралы толғаса, «Ақ әже»әңгімесінде соғысқа кетіп, қара қағаз келген жалғыз ұлын үмітпен сарыла, сарғая күткен Ұлбала әженің аянышты тағдыры туралы



әңгімелейді. «...Бойына табандылықты, кіршіксіз адалдық пен ана махаббатын дарытқан Ұлбала әжейдің абзал бейнесі көкірегімде қалып қойыпты. Ол бейне бір дара өскен, кәрі емен секілденді. Тіпті күні бүгінге дейін өмірде қайсарлықты, болаттай беріктік пен пәктікті көрсем, сол томашадай қара кемпір Ақ әже ойыма оралды. Әліге дейін төбеге шығып, ұлын күтіп жүргендей боп елесейді [5, 60 б] - деп сұм соғыстың адамзатқа әкелген қайғысын көрсетеді және қазақ әйелінің жарқын бейнесін сомдайды.

Темір Мыңжастың шығармашылығын сараптаған кезде тағы бір байқағанымыз – кейбір оқиғалардың түркімен ауылдарында болған әр жылдардың естелігін де жазатыны. Осы жинақтың «Туысқан халықтар әдебиетінен» атты айдары бөліміне түркімен халқының от ауызды, орақ тілді әзілкеші Пыхы Тағанның «Шелек табылмас па екен?», «Ешкім арызданбайды», «Ұрланар деп қорықтым» , «Иттің малы бар ма?», «Түйе өлсін», «Сен лауреат болар ең», «Төбесінде өзім болмағасын» т.б. әңгімелерін қазақ тіліне аударып, оны да жинаққа енгізген екен.

Темір Мыңжас ақын ретінде де үлкен-үлкен тақырыптарға өлең жазған шығармашыл тұлға. Қойнауына үш жүз алпыс әулиені әлдилеген Маңғыстау топырағына келіп, журналистік, ақындық жолын жалғастырған Темір Мыңжастың өлеңдер жинағы да ертеректе-ақ баспадан шыға бастады. 2002 жылы жарық көрген «Жүрек сыры» жинағына ақынның тәуелсіздік, туған жер, махаббат пен сүйіспеншілік туралы, адамдарға арнау өлеңдері, түрлі сезімге толы лирикалық өлеңдер мен әр түрлі тақырыптарға жазылған поэзиялық туындылары енгізілген. Балалық шағын қазақ ортасынан алыстау жерде бастаған ақынның туған жерге, Отанға, ақ шаңқай дарқан даласына деген махаббаты ерекше. Ақын жүрегінен шыққан ақ жарма тілегін «Сүйемін Қазақстаным» деген өлеңінің өн-бойында үлкен сезіммен, қуанышты көңілмен, шексіз сүйіспеншілікпен былайша жеткізеді:

Сүйемін тілін тамылжыған да бал тамған,  
Сүйемі дінін кесапатыңды қайтарған.  
Сүйемін гүлін шұғылаға бүккен, жайқалған,  
Сүйемін күнін қарайтын күліп әр таңнан [6, 6 б.].

Ақын туған жердің апайтөс тауларын, ақ нұр саулаған даласын, жұпар жусанын, кербез қырларын да сүйетінін және Қазақстанның болашағының болаттай берік болуына зор сеніммен қарайтынын жеткізеді. Бекет-Ата аруағына сыйынған ақын халқының тағдырын ойлайды, одан мінәжат сұрайды. Қазақтың басынан өткен нәубеттен, зорлық пен әділетсіздіктен аман қалған бүгінгі ұрпағының басындағы құлдық сана мен жоғалған рухты іздейді, оны қайтаруды аңсайды.

Тас қорымдарға айналып,  
Жатсың ба, баба жайланып?  
Мінәжат етем, о, аруақ,  
Кешендеу қайта ойға алып.

Жоғалып дінім, иманым,  
Дөкірлік болды жиғаным.



Ұмытып қазір барамыз  
Атаны бала сыйлауын.

Жойылып ұлттық сипатым,  
Қазаққа келмес тұрпатым,  
Шүлдірлеп бәрі тұрғанда  
Артады жүрек сырқатың.

Өшпеген енді қалды нем,  
Тобырға қалай сендірем?  
Шапағатыңды бер, баба,  
Ер Бекет, қолда, әулием,  
Пір Бекет, қолда, әулием! [6, 8 б.]

- деп тәуелсіздік алған тоқсаныншы жылдарды толғайды.

«Ұрпақ мұңы», «Ел болар ма екенбіз?», «Тапсырып кетем балама», «Екі баста самұрық», «Тәуелсіздік туралы жыр», «Бостандық жолы» т.б. өлеңдерінде ақын Темір Мыңжас халқының өткені мен болашағына талдау жасап, отарлық саясаттың кесірінен жоғалтқанымыз бен ұмытқанымызды, қателіктеріміз бен кемшіліктерімізді санамалап, барлық қазаққа ой салады. Бабалар жолын ұрпаққа үлгі етеді, өткеннен сабақ алуға, жіберген қателіктерді түзетуге үндейді.

...Отызынша жылдар десе, егілем,  
Қан тамған ғой қазағымның көгінен.  
Маң далада маңып қашқан аш-арық  
Безіп кеткен туып-өскен жерінен.

Бұл жылдарда таусылмайтын нала бар,  
Шырыл қағып, аштан қатқан бала бар.  
Бауыры күйіп, аңыраған ана бар,  
Қайраны жоқ жер шұқыған дана бар.

Бұл жылдарда қорлық көрген текті бар,  
Жау атанып, қыршын кеткен кекті бар.  
Үш миллиондай жазылмайтын жараның  
Әлі есебін түгендеуде жоқшылар [6, 21 б.],

- деп тарихтағы 1932 жылдардағы голощекиндік қолдан жасалған аштық пен геноцидтен қырылған, қудаланған, тентіреп кеткен қазақ ұлтына жасалған тарихи қылмыстың бетін ашады. Оның үстіне ақын Темір Мыңжастың өз ата-анасы мен туыстары да осындай қудалаудың құрбандары болғаны белгілі. Ол туралы бала кезінде толық білмесе де, есейе келе өзі журналист тұлғасында да талай тағдырлардың оқиғасын естісе керек. Рухсыздық пен құлдық сананың құрбанына айналған туған тілдің пұшайман күйі ақын жүрегіне тыныштық берер емес. Тіл мәселесінің ушығуы, орыстану саясатының салқын ызғары ұлтын сүйген ақынның қаламынан өлең болып өрілді. «Ашыну», «Қайран тілім», «Ана тілім алқадан жылап қайтты», «Қазақша ән» өлеңдерінде өз тілінен безген, дүбара



тобырды сынады. «Қазақша сөйлендер» деген қарт кісіге дүрсе қоя берген тексіз қазақтың қылығына орай ақын қылыштай өткір жырымен былайша түйреп өтеді:

Әй, әумесер, серік қылған жырқылды,  
Қылығыңнан шошындым мен біртүрлі,  
Орныменен ақыл айтқан ағаға  
Көрсеткенің қалай болды сыртыңды?

Ойға алмайтын ата-баба өткенін  
Кімсің өзің, қайдан өніп, көктедің?  
Кемелдігі дала сынды қартыңның  
Ақ сақалын сыйламадың, неткенің?

Жүрген сенен өзге тілді жағалап  
Ертеңгі күн қандай ұрпақ тарамақ?  
Өз халқының қасиетін ұқпаған.  
Басқаларды жарытпайды бағалап... [б, 28 б.]

Неміс философы Г. Гегельдің «Трижды убивает свою нацию тот, кто игнорирует родной язык» [б, 30 б] - деген қанатты сөзін эпиграф етіп алған ақын Темір Мыңжас босағадан сығалап, өз үйінде тұрса да, төрге озуға қорқып тұрған үй иесіндей бейшара халдегі ана тіліміздің күйін күйіне жеткізеді.

Жарамай өз халқыңның керегіне,  
Айналып көне тарих дерегіне,  
Қайран тілім, аса алмай босағадан,  
Қаларсың өгей боп өз еліңе?!

Ана тілім - ардағым, жарқын таңым,  
Бүгінгіден артар ма нарқың, бағың?  
Ұғынар ма бұл қазақ бір кісідей,  
Тілі болса, тәуелсіз халқым барын? [б, 31 б.]

- деп ақын ойсыз ұрпаққа, парықсыз перзенттерге өз мұңын шағады. Ата-бабасының, әкесінің мекені болған Маңғыстау маңын, Атырау атырабын, сүйікті Жаңаөзенін ақын ерекше мақтанышпен, көтеріңкі пафоспен жырға қосады. Туған жеріне жете алмаған әкенің сағынышын өз жырымен жеткізеді, әке аманатын, арманын орындағанын айтады. «Маңғыстау» өлеңінде жат елдегі өз әкесінің сағынышы бейнеленген ақын жырда әкенің сөзі мен бала тілегінқатар бейнелейді:

Кейде тыныш, кейде соғып жағаны,  
Өмір-өзен тыншу таппай ағады.  
Сенсіз міне, қасиетті Маңғыстау,  
Тағы да бір жазым өтіп барады.

Бәрі де бар, жайым жақсы, қош күнім,  
Сенсіз бірақ көңілімді басты мұң.  
Неге десең, қасиетті Маңғыстау,  
Қалды сенде мөлдіреген жастығым [б, 48 б.]



- деп, өзге елде өмірін барлық саалы ғұмырын өткізген әкесінің туған елге, Отанына деген сағынышын жеткізеді. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол деген» қазақтың мақалының өмірлік ақиқаттан туғандығына осы сәтте тағы да көз жеткіземіз.

#### *Қорытынды*

Ақын, жазушы, журналшы Темір Мыңжастың 2 томдық шығармалар жинағы 2012 жылы «Алматы қаласындағы «Баянжүрек» баспасынан жарық көрді. Жинақтың 1-томына ақынның жоғарыда талданған өлеңдері мен балладалары жинақталса, 2-томына әр жылдары жазылған, жарияланған әңгімелер, новеллалары мен мақалалары топтастырылған. Осы жинақтың 2-томында да ақын өзінің ең таңдаулы әңгімелерін жинақтаған.

Қорыта айтқанда, Маңғыстау өңірінен түлеп ұшып, Абыл Тілеуұлы, Қалнияз Шопықұлы, Нұрым Шыршығұлұлы, Қашаған Күржіманұлы, Ақтан Керейұлы, Мұрын Сеңгірбекұлы, Сәттігүл Жанғабылұлы, Сүгір Бегендікұлы сияқты суырып салма ақындар мен жыраулардың жолын жалғаған Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі, прозашы, журналист, ақын Темір Мыңжас шығармашылығы бүгінгі таңда да өз биігінен аласармасы хақ. Оның қаламынан әлі де талай тың туындылардың жазылатынына кәміл сенімдіміз.

#### *Алғыстар*

Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырады (грант №АР19676441).

#### **ӘДЕБИЕТ**

- [1] Мыңжас Т. Әдебиет порталы. Пайдаланылған сілтеме: URL: <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/1748> (Қаралған күні: 05.03.2024)
- [2] Лебедев В. Афоризмы о журналистике // Пайдаланылған сілтеме: URL <https://massaget.kz/> (Қаралған күні: 05.03.2024.).
- [3] Мұқашев Ә. Журналистика мамандығы үшін 3 қанатты сөз // Пайдаланылған сілтеме: URL <https://azh.kz/ru> (Қаралған күні: 06.03.2024.).
- [4] Мыңжас Т. Ақ қайың жылап тұр: қысқа әңгімелер мен мақалалар. – Алматы: Баянжүрек, 2008. - 165 б.
- [5] Мыңжас Т. Сені іздедім: өлеңдер, қысқа әңгімелер, мақалалар мен ойтолғамдар – Алматы: Баянжүрек, 2006. - 239 б.
- [6] Мыңжас Т. Жүрек сөзі: өлеңдер. – Алматы: Информ-А, 2002. 174 б.

#### **REFERENCES**

- [1] Mynzhas, T. (2009). Adebiet portaly [Literature portal] // Paidalanylgan silteme: URL: <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/1748> (Karalghan kuni: 05.03.2024.) [in Kazakh]
- [2] Lebedev, V. (2011). Zhurnalistika turaly aforizmder [Aphorisms about journalism] // Paidalanylgan silteme: URL: <https://massaget.kz/> (Karalghan kuni: 05.03.2024.). [in Russian]
- [3] Mukashev, A. (2020). Zhurnalistika mamandygy ushin 3 kanatty soz // Paidalanylgan silteme: URL <https://azh.kz/ru> (Karalghan kuni: 06.03.2024.) [in Kazakh]





[4] Mynzhas, T. (2008). Ak kaiyn zhylap tur: kyska angimeler men makalalar [White Birch crying: short stories and articles]. – Almaty: Baianzhurek [in Kazakh]

[5] Mynzhas, T. (2006). Seni izdedim: olender, kyska angimeler, makalalar men oi-tolgamdar [Looking for you: poems, short stories, articles and reflections]. – Almaty: Baianzhurek [in Kazakh]

[6] Mynzhas, T. (2002). Zhurek sozi: olender [Heart word: poems]. – Almaty: Inform-A [in Kazakh]

**Мутиев З.Ж., Муханбетова Ж.У., Галимова К. А.  
ТЕМИР МЫНЖАС – МНОГОГРАННЫЙ ЛИТЕРАТОР: ПОЭТ,  
ПИСАТЕЛЬ, ЖУРНАЛИСТ**

**Аннотация.** В статье представлен обзор творчества поэта, писателя, журналиста, видного представителя литературы Урало-Каспийского региона Темира Мынжаса. Авторы исследования всесторонне рассматривают, какой вклад внес в развитие казахской литературы Темир Мынжас, автор нескольких прозаических книг и поэтических сборников. Герои произведений писателя – люди той эпохи, в которой он сам жил, в основном представители рабочего класса, которые день и ночь усердно трудились, способствуя процветанию и совершенствованию нашей независимой страны, развитию общества. Также восхищает его умение точно описывать характер и непростую судьбу простых людей, картины скромной и суетливой сельской жизни. Авторы работы акцентируют внимание на журналистском таланте и публицистическом мастерстве Темира Мынжаса. Также анализируются художественные, тематические и идейные особенности его стихотворений. Подчеркивается важность поиска поэта в направлении национальных ценностей и неизведанных страниц истории казахского народа.

**Ключевые слова:** поэт; писатель; журналист; литература региона; мир героев; новелла, рассказы и статьи; родная земля; необъятная степь.

**Mutiev Zinulla, Mukhanbetov Zhangulim, Galimova Kaniya  
TEMIR MYNZHAS IS A MULTI FACETED WRITER: POET, WRITER,  
JOURNALIST**

**Annotation.** The article deals with the creative world of Temir Mynzhas, an outstanding representative of the literature of the Ural-Caspian region, poet, writer and journalist. The author of several books of prose and collections of poems Temir Mynzhas contributed to the development of Kazakh literature. The heroes of the writer's works are mostly people of the era in which he lives, namely representatives of the working class, who work day and night and contribute to the prosperity and development of an independent country. The naive characters of simple villagers living in the midst of a varied and rich life are taken and described. The authors of the work pay attention to the journalistic abilities and skills of Temir Mynzhas and deal with the subtleties. The artistic, thematic and ideological features of his poems are also analysed. The poet's search for national values and the history of Kazakhs is emphasised.

**Keywords:** poet; writer; journalist; regional literature; character world; novelette, short stories and articles; birthplace; abundant land.